

Эстония Республикасының Президенті Арнольд Рюйтельдің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 28 мамырдағы N 159-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Эстония Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 1-3 маусымда Астана және Алматы қалаларында Эстония Республикасының Президенті Арнольд Рюйтельдің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Эстония Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес-форумды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Эстония Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Эстония Республикасы Президентінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Астана қаласының әкімімен бірлесіп Қазақстан Республикасы мен Эстония Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форумды ұйымдастырсын.

7. Алматы қаласының әкімі:

Эстония Республикасы Президентінің құрметіне қабылдау ұйымдастырсын;

Қазақстан Республикасы мен Эстония Республикасының кәсіпкерлерінің қатысуымен "дөңгелек үстел" өткізсін;

Эстония Республикасының делегациясы үшін мәдени бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Эстония Республикасының делегациясы болатын жерлерде күтіп алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Республикалық Ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Эстония Республикасының Президентін күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Эстония Республикасы Президентінің құрметіне Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

10. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 8

м а м ы р д а ғ ы

№ 1 5 9

ө к і м і н е

қосымша

Эстония Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. 1+11 форматы бойынша Эстония Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Риджент-Алматы" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" және "Риджент- Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Эстония Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Эстония Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалаларының әуежайларында шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан Эстония Республикасының Президенті Арнольд Рюйтельдің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Эстония Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізу үшін қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, микрофондарды, құлақшаларды жалға алуға және кеңсе заттары мен минералдық сусын алуға ақы төлеу.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.